

## 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 271 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 6563 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 75-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 256 203 402,4 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 20 696 174,5 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 2 361 049,9 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 36 039,6 мың теңге;
  - трансферттер түсімдері – 233 110 138,4 мың теңге;
- 2) шығындар – 252 532 124,1 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 11 189 311,8 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттер – 14 144 752,0 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 955 440,2 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 3 764 912,0 мың теңге;
  - қаржы активтерін сатып алу – 3 764 912,0 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -11 282 945,5 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 11 282 945,5 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 25.12.2019 № 398 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. 2019 жылға арналған аудандар мен Қызылорда қаласының бюджеттерінен облыстық бюджетке кірістерді бөлу нормативтері келесідей мөлшерде белгіленсін:

- 1) 101.201 "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" және 101.205 "Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы" кодтары бойынша бюджеттерінен:

Арал ауданы – 37,85 пайыз;  
Қазалы ауданы – 38,86 пайыз;  
Қармақшы ауданы - 50 пайыз;  
Жалағаш ауданы – 50 пайыз;  
Сырдария ауданы – 50 пайыз;  
Шиелі ауданы – 50 пайыз;  
Жаңақорған ауданы – 50 пайыз;  
Қызылорда қаласы – 30 пайыз;

2) 101.202 "Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша аудандар бюджеттерінен – 0 пайыз, Қызылорда қаласы бюджетінен – 30 пайыз;

3) 103.101 "Әлеуметтік салық" коды бойынша бюджеттерінен:

Арал ауданы – 42,09 пайыз;  
Қазалы ауданы – 43,6 пайыз;  
Қармақшы ауданы – 50 пайыз;  
Жалағаш ауданы – 50 пайыз;  
Сырдария ауданы – 50 пайыз;  
Шиелі ауданы – 50 пайыз;  
Жаңақорған ауданы – 50 пайыз;  
Қызылорда қаласы – 30 пайыз.

3. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте, облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 64 102 962 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Арал ауданы 9 087 456 мың теңге;  
Қазалы ауданы 10 519 876 мың теңге;  
Қармақшы ауданы 8 612 507 мың теңге;  
Жалағаш ауданы 5 150 398 мың теңге;  
Сырдария ауданы 210 511 мың теңге;  
Шиелі ауданы 10 926 944 мың теңге;  
Жаңақорған ауданы 10 290 653 мың теңге;  
Қызылорда қаласы 9 304 617 мың теңге.

4. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет есебінен 2019 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

- 1) мәслихат хатшыларының лауазымдық еңбекақысының ұлғаюы;
- 2) жылдық кіріс түсімдері болжамының орындалмауына байланысты жоғалтуларын өтеу;
- 3) білім беру;
- 4) еңбек нарығын дамыту;

5) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту;

6) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға сауықтыру үшін біржолғы әлеуметтік көмек;

7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет еткен) адамдарды әлеуметтік қолдау;

8) өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсетуге;

9) туберкулез ауруының қолдаушы фазасында емделіп жүрген науқастарға әлеуметтік көмек көрсету;

10) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен ауырған диспансерлік есепте тұрған балаларға әлеуметтік көмек көрсету;

11) атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматын енгізуіне байланысты Байқоңыр қаласында жұмыспен қамту орталығын қамтамасыз ету;

12) Ауғанстандағы ұрыс-қимылдарға қатысушылар мен мүгедектеріне бір жолғы әлеуметтік көмек көрсету;

13) жаңадан іске қосылған дене шынықтыру және спорт нысандарын ұстау;

14) қалалық, аудандық, ауылдық кітапханаларға кітап сатып алу;

15) мәдени-демалыс ұйымдарына қосымша хореограф бірліктерімен қамтамасыз ету ;

16) тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан күндізгі бөлімде оқитын жоғары, арнаулы орта оқу орындарының және кәсіптік лицейлердің студенттері мен оқушыларының қалалық қоғамдық автокөліктерде жүру төлем ақысын өтеу;

17) облыстық деңгейден аудандық деңгейге 7 бірлік штаттан тыс қызметкерлерді қайта бөлу;

18) ауыл шаруашылығында іс-шаралар өткізу;

19) су шаруашылығы нысандарын құжаттандыру;

20) атқарушылық биліктің мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттіліктермен үйлесімдікте жүргізуді қамтамасыз етеді;

21) көлік инфрақұрылымын күрделі және орташа жөндеу;

22) әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялау;

23) мәдениет нысандарын жылумен қамтамасыз ету;

24) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

25) спорт объектілеріне жөндеу жүргізу;

26) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыру;

27) "Орда" бағдарламасы бойынша көпқабатты тұрғын үйлердің пәтерлерін сатып алу;

28) Қызылорда қаласының 2050 жылға дейін даму стратегиясы жобасын әзірлеу;

29) Байқоңыр қаласы бойынша I топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтеріне ақы төлеу;

30) "е-Халық" ақпараттық жүйесінің модификациялануына байланысты Халықты жұмыспен қамту орталықтарын, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдіктерін компьютерлік техникамен жабдықтау;

31) абаттандыру;

32) Қызылорда қаласында аз қамтылған көп балалы отбасыларының балаларын спорт кешеніне қатысумен қамтамасыз ету;

33) "Қызылорда қаласының тарихи музейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін ұстау;

34) қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын өткізу;

35) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шаралардың іске асырылуын қосақаржыландыру;

36) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеу;

37) аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2019 № 292; 17.05.2019 № 318; 16.10.2019 № 353; 04.12.2019 № 372 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет есебінен 2019 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру;

2) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізу;

3) алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

4) алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

5) алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6) алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

7) алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

8) алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

9) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеу;

10) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізу;

11) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау;

12) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту;

13) еңбек нарығын дамыту;

14) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеру;

15) төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеу;

16) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайту;

17) аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алу;

18) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеру;

19) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет есебінен 2019 жылға арналған нысаналы даму трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салу және (немесе) реконструкциялау;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыру;

3) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;

4) ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;

5) жылумен жабдықтауды дамыту;

6) коммуналдық шаруашылықты дамыту;

7) мал көміндісінің құрылысы;

8) көлік инфрақұрылымын дамыту;

9) газ тасымалдау жүйесін дамыту;

- 10) абаттандыру;
- 11) заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту;
- 12) тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының құрылысы;
- 13) Жалағаш ауданы Жалағаш кентіндегі әкімшілік ғимаратының құрылысы;
- 14) спорт нысандарын дамыту;

15) "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2019 № 292; 17.05.2019 № 318 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет есебінен 2019 жылға арналған нысаналы даму трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

- 1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салу және (немесе) реконструкциялау;
- 2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыру;
- 3) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;
- 4) ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;
- 5) жылу-энергетикалық жүйесін дамыту;
- 6) көлік инфрақұрылымын дамыту;
- 7) Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет есебінен 2019 жылға арналған нысаналы несиелердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

- 1) тұрғын үй жобалау және (немесе) салу.

9. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет есебінен 2019 жылға арналған нысаналы несиелердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

- 1) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру;
- 2) жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау және құрылысы.

10. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте:

2 287 186 мың теңге – "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімінің 2018 жылдан 2020 жылға ауысуына;

1 144 090 мың теңге - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлемелердің азаюына байланысты;

8 317 мың теңге – "Қызылорда облысы цифрлық технологиялар басқармасы" мемлекеттік мекемесін құрудың кейбір мәселелері туралы"

2018 жылғы 1 тамыздағы Қызылорда облысы әкімдігінің №1187 қаулысына сәйкес мемлекеттік органдары құрылымының өзгеруіне байланысты;

193 454 мың теңге – "Облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысының әкімдігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №1301 қаулысына сәйкес аудандық музейлерді "Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қосу жолымен қайта ұйымдастыруға байланысты аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен трансферттердің түсімдері көзделсін.";

109 759 мың теңге "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын айқындау туралы" 2016 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №40 қаулысына сәйкес электронды құжат айналымы бірыңғай жүйесінің орталықтандырылуына байланысты.

Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен аталған трансферттер сомаларының облыстық бюджетке түсімі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2019 № 292; 17.05.2019 № 318 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10-1. 2019 жылға арналған белгіленген борыш лимиті шегінде мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару арқылы облыстың жергілікті атқарушы органымен қарыз алуы мақұлданыс.

**Ескерту. Шешім 10-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2019 № 292 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10-2. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттерінен республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген, 2018 жылғы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған ) нысаналы трансферттердің түсімдерін 122 151,4 мың теңге сомасында облыстық бюджетке қайтару.

Ескерту. Шешім 10-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 318 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

10-3. Қызылорда қаласы бюджетіне 2019 жылы облыстық бюджеттен облыстың энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасына берілген кейбір нысаналы даму трансферттерді алып тастап, сол қаржыларды қаланың өз бюджет есебінен жабу.

Ескерту. Шешім 10-3-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 19.08.2019 № 338 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 69 986,7 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 04.12.2019 № 372 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2019 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының  
25-сессиясының төрағасы

И. Құттықожаев

Қызылорда облыстық мәслихатының  
хатшысы

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының  
2018 жылғы "12" желтоқсандағы 25-  
сессиясының №271 шешіміне 1-  
қосымша

## 2019 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 25.12.2019 № 398 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

| Санаты |        |             |                                               | Сомасы,<br>мың теңге |
|--------|--------|-------------|-----------------------------------------------|----------------------|
|        | Сыныбы |             |                                               |                      |
|        |        | Ішкі сыныбы |                                               |                      |
|        |        |             | Атауы                                         |                      |
|        |        |             | 1. Кірістер                                   | 256 203 402,4        |
| 1      |        |             | Салықтық түсімдер                             | 20 696 174,5         |
|        | 01     |             | Табыс салығы                                  | 4 870 600,0          |
|        |        | 2           | Жеке табыс салығы                             | 4 870 600,0          |
|        | 03     |             | Әлеуметтік салық                              | 4 681 801,0          |
|        |        | 1           | Әлеуметтік салық                              | 4 681 801,0          |
|        | 05     |             | Тауарларға,<br>жұмыстарға және<br>қызметтерге | 11 143 773,5         |

|   |    |   |                                                                                                                                       |              |
|---|----|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
|   |    |   | салынатын ішкі салықтар                                                                                                               |              |
|   |    | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                   | 11 049 991,5 |
|   |    | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                     | 93 782,0     |
| 2 |    |   | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                | 2 361 049,9  |
|   | 01 |   | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                | 220 817,1    |
|   |    | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері                                                                           | 39 847,7     |
|   |    | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                          | 39 791,6     |
|   |    | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар                                                                            | 141 177,8    |
|   | 03 |   | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 57,0         |
|   |    | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 57,0         |
|   |    |   | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын                                                                                               |              |

|   |    |   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |             |
|---|----|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|   | 04 |   | н, сондай-ақ<br>Қазақстан<br>Республикасы<br>Ұлттық Банкінің<br>бюджетінен ( шығыстар<br>сметасынан)<br>қамтылатын және<br>қаржыландырылаты<br>н мемлекеттік<br>мекемелер салатын<br>айыппұлдар,<br>өсімпұлдар,<br>санкциялар, өндіріп<br>алулар                                                                                                                      | 595 478,2   |
|   |    | 1 | Мұнай секторы<br>ұйымдарынан<br>түсетін түсімдерді<br>қоспағанда,<br>мемлекеттік<br>бюджеттен<br>қаржыландырылаты<br>н, сондай-ақ<br>Қазақстан<br>Республикасы<br>Ұлттық Банкінің<br>бюджетінен ( шығыстар<br>сметасынан)<br>қамтылатын және<br>қаржыландырылаты<br>н мемлекеттік<br>мекемелер салатын<br>айыппұлдар,<br>өсімпұлдар,<br>санкциялар, өндіріп<br>алулар | 595 478,2   |
|   | 06 |   | Басқа да салықтық<br>емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 1 544 697,6 |
|   |    | 1 | Басқа да салықтық<br>емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 1 544 697,6 |
| 3 |    |   | Негізгі капиталды<br>сатудан түсетін<br>түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 36 039,6    |
|   | 01 |   | Мемлекеттік<br>мекемелерге<br>бекітілген<br>мемлекеттік мүлікті<br>сату                                                                                                                                                                                                                                                                                               | 36 039,6    |
|   |    | 1 | Мемлекеттік<br>мекемелерге<br>бекітілген                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 36 039,6    |

|                   |                                     |            |                                                                        |               |
|-------------------|-------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------------|---------------|
|                   |                                     |            | мемлекеттік мүлікті сату                                               |               |
| 4                 |                                     |            | Трансферттердің түсімдері                                              | 233 110 138,4 |
|                   | 01                                  |            | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер             | 3 865 117,4   |
|                   |                                     | 2          | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер                           | 3 865 117,4   |
|                   | 02                                  |            | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 229 245 021,0 |
|                   |                                     | 1          | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер                           | 229 245 021,0 |
| Функционалдық топ |                                     |            |                                                                        |               |
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |            |                                                                        |               |
|                   |                                     | Бағдарлама |                                                                        |               |
|                   |                                     |            | Атауы                                                                  |               |
|                   |                                     |            | 2. Шығындар                                                            | 252 532 124,1 |
| 01                |                                     |            | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                  | 5 482 913,8   |
|                   | 110                                 |            | Облыс мәслихатының аппараты                                            | 64 056,0      |
|                   |                                     | 001        | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер         | 63 258,0      |
|                   |                                     | 003        | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                 | 798,0         |
|                   | 120                                 |            | Облыс әкімінің аппараты                                                | 2 051 648,6   |
|                   |                                     | 001        | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер             | 1 789 883,0   |
|                   |                                     |            | Ведомстволық бағыныстағы                                               |               |

|  |     |     |                                                                                                                              |             |
|--|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|  |     | 007 | мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                       | 116 774,6   |
|  |     | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу    | 19 021,0    |
|  |     | 013 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету                                                                 | 125 970,0   |
|  | 257 |     | Облыстың қаржы басқармасы                                                                                                    | 2 438 532,5 |
|  |     | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 114 114,7   |
|  |     | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу          | 637,9       |
|  |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                             | 2 323 779,9 |
|  | 258 |     | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы                                                                       | 304 954,6   |
|  |     | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту                                                 | 177 916,6   |

|  |     |     |                                                                                                                                             |           |
|--|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|  |     |     | саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                             |           |
|  |     | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 102 645,0 |
|  |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                            | 24 393,0  |
|  | 263 |     | Облыстың ішкі саясат басқармасы                                                                                                             | 115 135,0 |
|  |     | 078 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау                                                                                                    | 115 135,0 |
|  | 282 |     | Облыстың тексеру комиссиясы                                                                                                                 | 222 936,7 |
|  |     | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                  | 209 832,1 |
|  |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                      | 13 104,6  |
|  | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                                                      | 8 774,3   |
|  |     | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту                                                                                                 | 8 774,3   |
|  | 289 |     | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы                                                                                                 | 154 997,0 |
|  |     |     | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту                                                                                         |           |

|    |     |     |                                                                                                                          |             |
|----|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|    |     | 001 | саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                          | 154 378,0   |
|    |     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                          | 619,0       |
|    | 718 |     | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы                                                                                | 62 258,0    |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер      | 62 258,0    |
|    | 730 |     | Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы          | 59 621,1    |
|    |     | 001 | Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 52 717,1    |
|    |     | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                   | 6 904,0     |
| 02 |     |     | Қорғаныс                                                                                                                 | 1 244 146,4 |
|    | 296 |     | Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы                                                                                  | 1 244 146,4 |
|    |     |     | Жергілікті деңгейде жұмылдыру                                                                                            |             |

|    |     |     |                                                                                                                                                                         |             |
|----|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|    |     | 001 | дайындығы<br>саласындағы<br>мемлекеттік<br>саясатты іске асыру<br>жөніндегі<br>қызметтер                                                                                | 70 449,5    |
|    |     | 003 | Жалпыға бірдей<br>әскери міндетті<br>атқару шеңберіндегі<br>іс-шаралар                                                                                                  | 30 585,0    |
|    |     | 005 | Облыстық<br>ауқымдағы<br>жұмылдыру<br>дайындығы және<br>жұмылдыру                                                                                                       | 85 874,0    |
|    |     | 007 | Аумақтық<br>қорғанысты<br>дайындау және<br>облыстық<br>ауқымдағы<br>аумақтық<br>қорғанысы                                                                               | 177 122,9   |
|    |     | 009 | Мемлекеттік<br>органның күрделі<br>шығыстары                                                                                                                            | 13 240,4    |
|    |     | 014 | Облыстық<br>ауқымдағы төтенше<br>жағдайлардың<br>алдын алу және<br>жою                                                                                                  | 866 874,6   |
| 03 |     |     | Қоғамдық тәртіп,<br>қауіпсіздік,<br>құқықтық, сот,<br>қылмыстық-атқару<br>қызметі                                                                                       | 6 985 112,5 |
|    | 252 |     | Облыстық<br>бюджеттен<br>қаржыландырылаты<br>н атқарушы ішкі<br>істер органы                                                                                            | 6 388 439,0 |
|    |     | 001 | Облыс аумағында<br>қоғамдық тәртіпті<br>және қауіпсіздікті<br>сақтауды<br>қамтамасыз ету<br>саласындағы<br>мемлекеттік<br>саясатты іске асыру<br>жөніндегі<br>қызметтер | 5 743 600,8 |
|    |     |     |                                                                                                                                                                         |             |

|    |     |     |                                                                                                                |              |
|----|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
|    |     | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу                                                    | 360,4        |
|    |     | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                         | 644 477,8    |
|    | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                         | 596 673,5    |
|    |     | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу                                                             | 596 673,5    |
| 04 |     |     | Білім беру                                                                                                     | 29 663 662,2 |
|    | 120 |     | Облыс әкімінің аппараты                                                                                        | 14 250,0     |
|    |     | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту                                                                           | 14 250,0     |
|    | 253 |     | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы                                                                           | 634 541,0    |
|    |     | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау                                                      | 105 720,0    |
|    |     | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау                        | 481 735,0    |
|    |     | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 47 086,0     |
|    | 261 |     | Облыстың білім басқармасы                                                                                      | 22 838 228,3 |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                 | 214 287,0    |
|    |     |     |                                                                                                                |              |

|  |  |     |                                                                                                                |             |
|--|--|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|  |  | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру                                               | 1 021 268,0 |
|  |  | 004 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру                                | 10 839,0    |
|  |  | 005 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 27 669,2    |
|  |  | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру                                     | 1 144 111,6 |
|  |  | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу                      | 494 476,4   |
|  |  | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу                         | 326 459,0   |
|  |  | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру                 | 17 091,0    |
|  |  | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау                                               | 3 537 983,0 |
|  |  | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау                                                  | 2 771 097,0 |
|  |  |     | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында                                                                        |             |

|  |  |     |                                                                                                                                                                                                      |             |
|--|--|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|  |  | 027 | мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                 | 1 542 800,0 |
|  |  | 029 | Әдістемелік жұмыс                                                                                                                                                                                    | 130 748,0   |
|  |  | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау" | 1 704 016,0 |
|  |  | 053 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                  | 205 335,0   |
|  |  | 057 | Жоғары, жоғары оқу орынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету                                                                                        | 111 420,0   |
|  |  | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                                      | 35 852,8    |
|  |  |     |                                                                                                                                                                                                      |             |

|  |     |     |                                                                                                                                                                                                                              |             |
|--|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|  |     | 078 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 6 972 579,0 |
|  |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                             | 2 570 196,3 |
|  | 285 |     | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы                                                                                                                                                                                | 3 946 512,8 |
|  |     | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                                                                 | 3 489 338,8 |
|  |     | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру                                                                                                                                         | 457 174,0   |
|  | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                                                                                                                                       | 2 230 130,1 |
|  |     | 011 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу ж ә н е реконструкциялау                                                                                                                                                | 152 275,2   |
|  |     | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу ж ә н е реконструкциялау                                                                                                                                 | 1 949 464,9 |
|  |     | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу ж ә н е реконструкциялау                                                                                                                                                                | 128 390,0   |

|    |     |     |                                                                                                                                                            |              |
|----|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 05 |     |     | Денсаулық сақтау                                                                                                                                           | 11 208 007,9 |
|    | 253 |     | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы                                                                                                                       | 6 534 970,4  |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                       | 194 303,7    |
|    |     | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер                                                                                                     | 181 454,0    |
|    |     | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау                                                                                                                           | 203 448,0    |
|    |     | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру                                                       | 182 078,0    |
|    |     | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүру мен қамтамасыз ету                                                    | 55 328,0     |
|    |     | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер                                                                                               | 24 856,0     |
|    |     | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 1 711 953,0  |
|    |     | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары                                                                                                             | 36 231,0     |
|    |     |     |                                                                                                                                                            |              |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                                                                    |              |
|----|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
|    |     | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                                                                         | 3 090 685,3  |
|    |     | 039 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі | 368 610,4    |
|    |     | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету                                                                                              | 486 023,0    |
|    | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                                                                                                                                             | 4 673 037,5  |
|    |     | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау                                                                                                                                                                           | 4 673 037,5  |
| 06 |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                                     | 27 100 817,7 |
|    | 256 |     | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы                                                                                                                                                       | 26 762 401,2 |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру                                                                                                                          | 122 345,2    |

|  |  |     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |           |
|--|--|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|  |  |     | саласында<br>мемлекеттік<br>саясатты іске асыру<br>жөніндегі<br>қызметтер                                                                                                                                                                                                                                        |           |
